

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**Филологиялық серия**  
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№1 (2024)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**

выходит 4 раза в год

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

О постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**

публикация материалов в области филологии

**Подписной индекс – 76132**

<https://doi.org/10.48081/QZXY9517>

---

**Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/DVLQ7550>

**\*А. А. Азатбақым<sup>1</sup>, А. М. Картаева<sup>1</sup>, А. Т. Тамаев<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Сәрсен Аманжолов атындағы  
Шығыс Қазақстан университеті,  
Қазақстан Республикасы, Өскемен қ.

<sup>2</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық  
педагогикалық университеті,  
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

\*e-mail: [aigani.86@mail.ru](mailto:aigani.86@mail.ru)

## **МҰХТАР ӘУЕЗОВ ӘҢГІМЕЛЕРІНДЕГІ СУРЕТКЕР ШЕБЕРЛІГІНЕ ТАЛДАП ОҚЫТУ**

*Мақаланың негізгі мақсаты мен бағыты ретінде заңғар жазушы, сұлама галым Мұхтар Әуезовтің әңгімелеріндегі суреткер шеберлігін оқыту жолдары қарастырылады. Жазушы өзінің саналы ғұмырын қазақтың әдебиеті мен мәдениетіне, тарихы мен ұлттық өнеріне арнағаны сөз етіліп, алғашқы әңгімелерімен еуропалық прозаның дәрежесіне көтерілгені айтылады. М. Әуезовтің прозасына тән шеберлік қырлары анықталып, жазушы туындыларында сомдалатын кейіпкерлер өмірі, олардың портреттері мен характерлері, ішкі психологиясы, табиғат құбылысын адамның көңіл күйіне лайықтап суреттеу ерекшелігі зерделеніп талданады. Пейзаждың қас шебері атанған Мұхтар Әуезов шығармалары әлемдік классиканың төрінен орын алғаны галымдар М. Қаратаев, З. Ахметов, Р. Бердібаев, Р. Нұрғали т.б. пікірлерімен дәлелденіп, алғашқы әңгімелеріне талдау жасалады. Жазушы суреттеуіндегі пейзаж шығармадағы кейіпкердің характерін, психологиясын тануға ерекше қызмет атқаратыны дәлелденеді. Табиғаттың тамаша құбылысын айшықтайтын жазушының «Қыр суреттері», «Қорғансыздың күні», «Жетім» әңгімелеріндегі жазушының суреткерлік шеберлігі сараланып көрсетіледі. Зерттеу барысында автор қаламгердің көркемдік кеңістігін, оның ішінде пейзажды суреттеу шеберлігіне жіті көңіл бөледі. Талдау барысында автор суреткердің пейзаждық үлгілерін шығарманың идеялық-эстетикалық қырын ерекше атап өтеді. Жазушы шығармашылығы туралы пікірлерді қарастыра келе, автор қаламгер әңгімелеріндегі суреткерлік шеберлігін таныта түседі.*

*Сонымен қатар зерттеу барысында автор жазушының көркемдік әлеміне барлау жасауда ақпаратты өңдеу, көркемдік бейнелерді салыстыру, жүйелеу, қорытындылау әдіс-тәсілдерін қолданады. М. Әуезовтің әңгімелері әлем жұртшылығына танымал екендігі, сонымен қатар жазушының әңгімелері көркемдік ерекшелігімен әдебиетіміздің асыл қоры болып есептелінеді.*

*Мақаланың қорытынды бөлімінде авторлар жазушының табиғат құбылысын үлкен көркемдік дәрежеге жеткізіп, табиғат көріністерін шығармада қосалқы элементтер ретінде қолдануы қаламгердің өз шығармашылығындағы ғана емес, жалпы қазақ әдебиетіндегі ұлы жаңалықтардың бірі болып табылады деген тұжырымға келеді.*

*Кілттік сөздер: жазушы, әңгіме, суреткерлік шеберлік, пейзаж, оқыту, мәтін талдау, әдіс.*

### **Кіріспе**

Әлемдік ірі құбылыс, ғұлама жазушы М. Әуезов қазақ халқының рухани байлығын бүкіл дүниежүзіне паш етті. Өзінің саналы ғұмырын қазақтың әдебиеті мен мәдениетіне, тарихы мен ұлттық өнеріне арнады. Ол әдебиеттің бар саласында да қажырлы еңбек етті. Жазушының артынан қалдырған мол мұралары публицистика, драматургия, проза, көркем аударма тұрғысынан болса, ғылыми мұрасы фольклортану, әдебиеттану, абайтану сияқты ірі салаларды қамтиды.

М. Әуезовтің артында қалдырған мұралары ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын маңызды рухани игіліктерге жатады. Себебі жазушының алғашқы әңгімелерінің өзі кезінде әлемдік деңгейге көтерілген еді. Академик жазушы С. Мұқанов: «1921 жылы жазылған «Қорғансыздың күні» атты алғашқы әңгімесімен Мұхтар шын мағынасындағы европалық прозаның дәрежесіне көтерілді», – деп әділ баға берген еді. «Жазушының жиырма төрт жасында жарық көрген «Қорғансыздың күні» әңгімесі қазақ топырағындағы прозалық шығарма жазудың балаң шағы мен таптаурын тәсілін жаңа сатыға көтеріп, туған әдебиетіміздің абыройын европалық деңгейге шығарған айтулы туынды болды» [1].

М. Әуезовтің күллі прозасына тән болып қалыптасқан шеберлік қырлары да осы әңгімеден кейін жалғасын табады. Жазушы туындыларында сомдалатын кейіпкерлер өмірі, олардың портреттері мен характерлері, ішкі психологиясы, табиғат құбылысын адам көңіліне лайықтап суреттеу шеберлігі қаламгердің қас дарынын танытады. Әуезов прозасына тән ерекшеліктер мынадай: пейзаж бен адам психологиясы астасып жатады, оқиға желісі реалистік дәлдікпен беріледі, көркем шығармадағы кейіпкерлер

психологизмі терең жарасыммен сипатталады. Қай кезеңде, қай туындысын алсақ та, қаламгер әңгімелерінің тақырыбы мәңгілік мәселені қозғайды. Қазақ халқының өткен тарихын қозғап, ел тұрмысының шынайы болмысын баяндап, адамдар тағдырының шындығын суреттейді.

М. Әуезов алғашқы әңгімелерінде сол кездегі қазақ тұрмысындағы толғағы жеткен мәселелерді көтереді. Төңкеріске дейінгі қазақ аулындағы әлеуметтік теңсіздікті, әділетсіздікті, озбырлықты, адамдар арасындағы қым-қиғаш қайшылықтарды нанымды бейнелейді. Қорғансыздар мен панасыздар, жетімдер тағдыры реалистік тұрғыдан көрінеді. М. Әуезов бұл әңгімелерінде гуманизм мәселелерін жоғары көтереді.

Осы жөнінде белгілі әдіскер-ұстаз Қ. Бітібаева былай дейді: «М. Әуезов әңгімелерін оқытудағы басты мақсат – ең алдымен, жазушының шеберлігі, сюжет пен композиция шымырлығы, кейіпкерлердің типтік сомдығы, характер жасаудағы табысы, тіл көркемдігі болып келсе, тақырып пен әңгіме идеясында жатқан тың проблемалар, адами мәселелердің көтерілуін де таныту – оқытушы алдындағы басты мақсаттардың бірі болып табылады» [2, 43-б.].

### **Материалдар мен әдістер**

Зерттеу мәселесі бойынша жазушы әңгімелерін талдау барысында пейзаждық талдау, жазушының көркемдік кеңістігіне барлау жасау талдаулары шығарманың көркемдік идеясын ашып көрсету, көркемдік ерекшелігін таныта түсті. Сол сияқты мақалада ақпаратты өңдеу, көркемдік бейнелерді салыстыру, жүйелеу қорытындылау әдіс-тәсілдері кеңінен қолданыс тапты.

### **Нәтижелер және талқылау**

Жазушының осы тұңғыш прозалық шығармаларының өзінен-ақ реализмнің өзгеше бір сипаты анық байқалады. Жазушы ащы шындықты ақтара ашуға ұмтылып, қарапайым жандардың қатал тағдырына жаны ашып, кейіпкерлеріне іш тартады. Қаламгер өзі сомдаған кейіпкерлерінің ауыр тағдырына арашашы болып, оларды авторлық көркемдік идеямен қорғайды. Сондай-ақ жазушының бұл шығармалары терең психологизмге құрылған. Оның мұндай шығармаларын оқитын оқырман көкірегі қарс айырылып, жүрегі езіліп қабылдайды.

«Оқыту стилін есепке алу білім беруді жасқа сәйкестендіру үшін қажет. Оқыту стилі дегеніміз (танымдық немесе интеллектуалдық стиль деп те аталады) – жеке адамның ақпаратты қабылдау, ұйымдастыру, өңдеу және есте сақтау ерекшелігі» деп атап көрсетті американдық жазушылар Шипман С. & Шипман В. К. [3]. Осы еңбектегі пікірде зерделенгендей, жеке адамның танымдық қабілетіне, қабылдауына, шығармашылық ойлауына әсер берудегі қаламгердің шеберлігін айта аламыз.

М. Әуезов шығармаларына тән нәрсе – стильдің қайталанбауы, ондағы кейіпкерлердің зор сезімталдығымен, нанымдылығымен, психологиялық тереңдігімен ерекшеленіп тұратындығы. Профессор Р. Бердібай М. Әуезовтің қазақтың көркемсөз өнеріне қосқан жаңалығын атап көрсетеді: «М. Әуезовті қазақтың қазіргі жазба әдеби тілін жасаушылардың бірі ғана емес, бірегейі деп білеміз. Оның қаламынан қазақтың сөз байлығы, сөйлеу дәстүрі өзгеше құлпырып, гүлденіп, түрленіп шығатын. Ол қаншама сөзді қайта тірілтуші, көп сөздерді жаңадан жасаушы немесе өңдеуші ұста еді. Суреткердің шығармалары халқымыздың көркемдеп ойлау мәдениетін шыңға көтерді» [4].

Жазушының шағын әңгімелері ғажайып талантын танытып, үлкен прозаға бастайтын алтын көпір болды. Табиғат – күллі тіршілік атаулының қуатты қоныс мекені, алтын ұя, тал бесігі. Ол – адам баласының еңбек етіп, өмір сүретін ортасы. Әрбір ақын мен жазушы қай заманда да өз өлкесінің табиғатын жырлап келгені мәлім. Ақын неғұрлым данышпан болса, соғұрлым табиғатпен терең араласып, оны құшағына тұтас қамтып алады. Сөйтіп, бізге табиғатты барынша байланыстыра көрсетеді.

Ол қазақ әдебиетін әлемдік дәрежеге көтерді. Пейзаждың қас шебері атанған Мұхтар Әуезов шығармалары әлемдік классиканың төрінен орын алған. Жазушының қазақ әдебиетіне енгізген жаңалығының бірі табиғат келбетін суреттеу екенін ғалым Р. Бердібаев атап көрсетеді. «Оның шығармаларында туған жер табиғатының түрлі кезеңіне тән суреттер өрнектеліп түскен. Біз табиғатта соншама ғажайып көрік, таусылмас, көнермес ажар бар екендігін қазақ әдебиетінде М. Әуезов творчествосынан айрықша танып өскенбіз. Ол халқымыздың ең таңдаулы табиғат жыршысы десек ағат болмас», – деп баға береді [4, 181-б.].

М. Әуезовтің барлық шығармасында дерлік табиғат көріністері суреттеліп, оқиғамен, кейіпкер көңіл күйімен ұштастырылып қаламгер шеберлігін танытып жатады. Жазушының жиырмамыншы жылдары жазған алғашқы әңгіме-повестеріндегі табиғат суреттері кейіннен «Абай жолы» роман-эпопеясында дамып күрделене түседі. «Алғашқы әңгімедегі әуендер, кейін көптеген туындыларында қайта өрбіп, дамып, өрлеп отырады» [5].

Жазушы суреттеуіндегі пейзаж шығармадағы кейіпкердің характерін, психологиясын тануға ерекше қызмет етеді. Шығарма сюжетінің өрбуіне себепкер болады. Оқырманды болатын оқиғаға алдын ала іштей дайындап қызықтыра түседі. Автордың әңгіме-повестеріндегі пейзаж көрінісі мен «Абай жолы» роман-эпопеясындағы табиғат суретінде ұқсастық байқалады. Себебі жазушы өзінің туған жері атамекенінің табиғатын, сол өңірдің тұрмыс-тіршілігін, қазақ өміріндегі болған оқиға шындығын жазды. Бұған М. Әуезовтің өз сөзі дәлел болады: «Романдардағы географиялық атаулар,

пейзаж – бәрі де шындық. Әсіресе, пейзаж – Абай туған даланың жай, жалаң көріністері ғана емес, тірі табиғаттың сырлы суреттері» [6].

М. Әуезов шығармашылығында пейзаж күрделі қызмет атқарады. Әсіресе, пейзаждың кейіпкер характерін ашудағы рөлі ерекше. «Пейзаж жазушының стилін белгілейді. Ал стиль – адам. Пейзаж образ сырын ашады. Ал образ – адам» деген академик З. Қабдолов сөзі осыны растайды. Әрине, табиғат суреттерінің тектен-тек қолданылмағаны белгілі [7].

Оның қандай әңгіме-повесінде де табиғат реңі тиісті бояу болып қосылып отырады. Бұл – М. Әуезовтің суреткерлік өрнегінің ажырамас бір кестесі. Мәселен, «Қыр суреттері» атты әңгімелерінде жалпы қазақи өмірді, қазақтың қырдағы өмірін, тұрмыс-тіршілігі мен табиғи аясын суреттеуге мән берілген. Әсіресе, бірінші әңгімесінде («Кешкі дөң басында») жаздың қарапайым жайдарлы кешін кем-кетіксіз тамаша суреттейді: салқын деп, дымқыл ауа, қаракөк тұңғиық аспан, күнді сендей басқан қызық күн – табиғи құбылыстарды қалтқысыз суреттей келе «дөң басындағы көңілді жұрттың» қуаныш-шаттығын да сөз етеді. Мысалы: «Дөң басы қазіргі уақытта өзгеше көңілді. Кешке жақын у-шу көбейіп, азан-қазан болған ауылдан шығып, биік сары дөңге көтеріліп келе жатқанда, бойың биікке тарта бергендей болады. Белгісіз үміт күткендей қомағай көз айналаны шарлайды. Кейбір жерде көз ұшында аспан төніп жерге қонып, жақындасып, жымындасқандай көрінеді. Кей жерден көтерілген биік таулар иректеліп аспанға созылғандай...», – деп суреттейді [8, 109-б.]. Тамылжыған, көрікті табиғат пен жанданған ел-жұрттың көңілді келбетін қабағтастыра, бір күйге келтіре сипаттайды. Демек, көрікті табиғат көңілді жұрттың белгісіндей. Жаздың кешкі көрінісін: «Қара-көк тұңғиық аспан күнбатысқа тақаған жерінде қызыл торғындай толқынданып, кейбір жерінде қызыл өрттің жалынындай жайнайды. Күннің ақырғы сәулесі түсіп тұрған тау бастары көлеңке басқан қоңыр жердің алтын шатырындай нұрланып, қызғылттанады», – деп бейнелейді [8, 109-б.]. Қазақ ауылы әсіресе кешкі мезгіл уақытында көңілдене, шаттана түседі: қозы-лақтар шуылдап, балалар жағы да күнмен таласып салқын ауада ойын қуады, үлкендер жағы дөң басында әңгіме-дүкен құрысады. Сонымен қатар шаруаның әлегі де адамдарды тынымсыз әуре-сарсаңға салып, көңілді ауылдың қызығын көріктендіре түседі. Жазушы қазақ ауылының аңшылық дәстүрін де айта кетеді. Саршегір қыранның алғырлығы мен аңшының албырт қимылы қазақи өнердің қалпын паш етіп тұр.

Енді осы бөлімді оқытуда түсіндірмелі оқу, мәтінге жуық әңгімелету, мәтін талдау арқылы шығарманың тіл көркемдігін аңғарту тәсілдері тиімді болып табылады. Мәтінге жуық әңгімелетуде жалпы әңгімені талдауда оқушыларға көмекші-үлестірмелі қағаздар беріліп, соны басшылыққа алу ұсынылады. Үлестірмелі қағазда суреттеме шағын бөлімшелерге бөлініп, ат

қойылып, олардағы ең негізгі мәселелер сұрыпталынады. Мұндай жұмыс көркем туындының айшықты тілін, жазушы шеберлігін талдауда өте тиімді болып келеді.

Бұл жұмыстың алдында мұғалім түсіндірмелі оқу арқылы мәтінді береді. Оқушы назарын табиғат суреттеріне аударады. Табиғаттың мынадай мезгілдері алынады:

- а) Жазғы кеш.
- ә) Дөң басының сипаты.
- б) Күннің батуы.

Кесте 1 – Мұғалімнің түсіндірмелі оқу арқылы мәтінді түсіндіруі [2, 52-б.].

Бөлімшелер	Аты	Көркем тілі
I Бөлімше	«Жаздың жайлы кеші»	Қоңыр салқын леп. Қызыл күн, қызыл сеңдей.
II Бөлімше	«Қара көк тұңғиық аспан»	Қара көк тұңғиық аспан; өрттің жалынындай; қызыл торғындай.
III Бөлімше	«Дөң басы»	Қомағай көз; аспан төніп, жерге қонып; сұрғылт кара-қошқыл тау, тұманды жамылып сазарғандай ...
IV Бөлімше	«Күн батты»	Қызыл шапақ; қаны тамған қызыл бет.
V Бөлімше	«Ойдағы ауыл»	Жарық айдың кара су ішіндегі суретіндей; Бұраң-шімай жасайды (өзен).
VI Бөлімше	«Ауыл кеші»	Күлісіп-сыңқылдасып.
VII Бөлімше	«Сұлу қыз»	Оң білек.
VIII Бөлімше	«Аңшы бозбала»	Алтындай сары көз.
IX Бөлімше	«Саршегір»	Садақтың оғындай суылдап.

Сондай-ақ аңшы, Сарышегірді суреттейтін жерлерді түсіндіреді. Мұғалім түсінігінен кейін, ұжымды жұмыс жүргізуге болады.

*Жұптың бірінші баласына берілетін тапсырма:*



- 1 Жазғы кеш.
- 2 Дөң басында.
- 3 Батқан күн.

*Екінші балаға берілетін тапсырма:*

- 1 Ойдағы ауыл кеші.
- 2 Аңшы бозбала.
- 3 Сарышегір.

*Берілетін жалпы тапсырма мазмұны:*

1 Берілген бөлімдерді оқып, әңгімеден табиғат көріністерін бейнелейтін сөздерді табу.

2 Соңғы бөлімдердің мазмұнына көңіл қою; әңгімеден Сарышегірдің қазды ілуі суреттелетін жерлерді тауып, бейнелі сөздерге назар аудару. Жұптық жұмыс барысында мұғалім осы тапсырма айналысында әңгіме жүргізеді. Содан кейін жоғарыда берілген кестені іліп қойып, талдау жұмысын ары қарай жалғастырады.

Қорытындылап айтсақ, осы суреттемені талдау төрт кезеңнен тұрады:

- 1 Алдын ала үйден оқып келу (көмекші-нұсқау арқылы).
- 2 Мұғалімнің түсіндірмелі оқуы, мәтінді меңгертуді ары қарай жалғастыру.
- 3 Жұптық жұмыс, оны тексеру.
- 4 Мұғалімнің кесте арқылы қорытынды түсінігі, талдауды жинақтау, пысықтауы [2, 51–53-бб.].

Жазушының «Қорғансыздың күні» әңгімесі – идеялық проблематикасымен, көркемдік эстетикасымен жоғары бағаға ие болған туындысы. Әлемдік әдебиеттегі көркем шығармалардан еш кем түспейтін әңгіменің көркемдік компоненттерін жеке-жеке талдап, талғауымызға болады. Мәселен, жазушының Семей өлкесінің табиғатын суреттейтін тұсы – классикалық пейзаждық үлгі. Тымырсық, қуаң тартқан өлкенің бар ғажабын, саф сұлулығын жазушы көркемдік ойлауымен өте әсерлі таныстырады.

«Табиғат суретін беру М. Әуезов үшін дара мақсат емес, ол пейзажды өзінің авторлық идеясына сәйкестендіріп, үнемі құбылтып, құлпырта отырып қолданады. Жазушы табиғат суреттерін көбіне геройлардың ой-сезімдері, солардың түсінулері арқылы береді.

...Әуезовтің қолдануында пейзаж кейде болғалы тұрған оқиғаға ая ретінде алынады да, оқушыны соны терең түсінуіне алдын ала дайындай түседі», – деп түсіндіреді А.Нұрқатов [9, 185–186-бб.].

Әңгімеде: «С. қаласының оңтүстігін жайлаған елдің қалаға қатынасын кара жолының үстінде Арқалық деген тау бар. Даланың көңілсіз ұзақ

жолында қажып келе жатқан керуенге Арқалық алыстан көрініп дәмелендіріп тұрады. Жолдың аузында көлденең соқылып жатқан тұрқы он шақырымдай болғанмен, еңсіз кереге сықылды, жалғыз тау. Не бауыры, не сыртында ықтыртын жоқ ысқаяқ. Арқалық жадағай, жалғы қабат болған соң, қыс соқса да оңынан соқса да паналығы жоқ азынап тұрады. Қыстың басынан екі жағын қар алып, жұмыртқадай қылып тегістеп тастайды. Сондықтан өзге жер ашық болып тұрғанда, Арқалықтың бауыры көбінесе бораннан босамайтын. Алыстан қарағанда да Арқалық бұдыры жоқ жалаңаш. Көруге аса көңілсіз. Жыл сайын қыс басынан қарлы болып, малға панасы жоқ болғандықтан, бауырын жайлаған ел малын өлтіріп, өзге ел аман отырғанда, шолақ жұрттың құрығынан құтылмайтын. Сондықтан бауырын мекен қылған ел көбінесе кедей болатын» [10, 120-б.]. Бұл пейзаждағы көркемдік ойдың тереңдеп, табиғаттың мінезін, мінез арқылы әңгімедегі болашақ сюжетке интрига жасап, көркем ойдың көрікті суретін жасайды. Арқалық тауының суретін танытуда жазушы тек таудың ғана бейнесін емес, сол тау арқылы сол кезеңнің одан әрі әлеуметтік психологиялық күйдің пернесін шертеді. Күйін толғатады. Күйігіне күйінеді.

М. Әуезовтің пейзаждық үлгісіндегі осы картина оқырман-рецепиенттің көркемдік ойлауына ерекше әсер етеді. Әңгімедегі Арқалық тауының аңызы және таудың айналасын мекендейтін қауымның көңіл күйі, тұрмысы, экономикалық халін суреткер пейзажбен танытқандай.

Қорғансыздар тағдырын суреттейтін жазушының бұл әңгімесінде дала тағдыры – Ақан мен Қалтайдың қара жер көтере алмайтын жауыздығы, панасынан айырылған үш сорлы әйелдің ауыр тағдыры, ағайында, туыстар арасындағы ашкөзділік пен тасбауырлық, даладағы жүгенсіз кеткен жуандардың әлсіздерге істеп жүрген сұмдықтары шынайы қалпымен баяндалады. Өмір шындығынан алынған осы шығарманы оқыту, онымен жас өркендерді таныстырудың ең басты мақсаты – жауыздық, тасбауырлық, қорқаулықтан сақтандыру, адам деген атқа лайық емес істерден жирендіру болуы керек. Сондай-ақ жазушының суреткерлік шеберлігін таныту, тіл көркемдігімен таныстыру әңгіменің өзіндік ерекшелігін саралауда негізгі мақсаттардың бірі. Автор әңгімеде қорғансыз Ғазиза тағдырын баяндайды, қорғансыздардың өзекті мәселелерін көтере отырып, әңгіменің шарықтау шегінде оларды жанын сала қорғайды. Әңгімеде автор сырт баяндаушы, әңгімелеуші ғана емес, дала жауыздарын айыптаушы, қаралаушы, әділ төреші биігінде де көрінетін сияқты.

Әңгіме өзіндік ерекшелігіне қарай, бірі-біріне онша қатысы жоқ бірнеше бөлімдерден тұрады:

I. Арқалық өңірінің табиғаты, ел жайлы.

II. Күшікбай батырдың тарихы, арлы өлімі.

- III. Ақан мен Қалтай, олардың қорғансыздар үйінемкелуі.
- IV. Кемпірдің зары, ағайындар, ел билеушілер озбырлығын әңгімелеу.
- V. Шөп қора ішіндіегі айуандық.
- VI. Ғазизаның жоғалуы. Аналар зары.
- VII. Ғазизаның әке қабірі басында үсіп өлуі.

Міне, әңгімені оқытқанда, мұғалім оның негізінде жатқан осындай ірімдерін ескеріп, әдіс-тәсілдердің тиімді дегендерін сұрыптап алу керек.

Үйге алдын ала оқуға бергенде, әңгіменің жалпы мазмұнын меңгерту мақсат егіледі, жоспар жасап келу тапсырылады. Жаңа сабақтың кіріспесінде мұғалім төмендегідей шолу сұрақтар арқылы әңгіменің мазмұнын қысқа, тұжырымды түрде ғана айтуды талап етеді:

- 1 Ақан мырза мен Қалтай туралы әңгімелеңдер.
- 2 Күшікбай кезеңінің тарихы туралы не айтылған?
- 3 Жүдеу үй, оның тұрғындары қалай суреттелінген?
- 4 Кемпір әңгімесінің негізгі желісін, кейуананың мұң-зарын әңгімелеп беріңдер.
- 5 Шөп қорадағы айуандық, Ғазизаның мұң-зары.
- 6 Ғазизаның қазасы.

Алғашқы сабақтарда сұрақ-жауап арқылы әңгіменің негізгі мазмұнын меңгерту ойластырылады. Одан соң Арқалық тауының суреті, Ақан мен Қалтай портреті, қорғансыздар үйі, оның ішіндегі жандар сипаттамасы, Ғазизаның зорлықтан кейінгі ішкі мұң-зары, өлімі баяндалатын жерлердің негізгі дегендерін оқып, түсіндіріп, білімгерлердің әңгіме мазмұнын одан әрі меңгеруі жалғастырылады. Әрине, мәтін оқуға оқушылар қатысып отырады. «Мәтінге жуық әңгімелету, Ғазиза монологін мәнерлеп оқыту сияқты мәтінмен жұмыс жасалынады» [2, 55–57-бб.].

Қаламгердің «Жетім» әңгімесіндегі пейзаждық үлгі – кейіпкердің психологиялық күйімен астастырыла ерекше фондағы, бояуы қанық сурет. Бас кейіпкер Қасымның үрейі мен қорқынышын анық көрсетуде пейзаждық көріністің рөлі ерекше. Мәселен: «Табиғат балаға қатал, суық көрінеді. Жан-жақта жүдеу тартып, жұмырланған боз төбелер қайғылы сырымен, дүниеге шерімен сазарғандай. Бетіндегі ақ көде, сары селеуді сүйретіліп, сумаңдап соққан түн желі желпи қозғап сілкінтіп тұр. Қарауытқан көлеңкелі сайлар қара түннің қараңғы сырын бауырына жиып, әлденеге сақтап тұрғандай болады. Белгісіз тұңғыық жүрегін жаныштады. Әрі салқын, әрі қорқынышты күйді есіне түсіргедей болады. Жүрегін қорқыныш басып, жалғыздық жеп келе жатқан баланы не бастап келеді? Жеті түнде айдап шыққан айдаушы кім? Айдаушы – сол баланың тағдыры еді» [10, 80-б.]. Пейзаждық үлгінің басты элементі – түнектегі баланың үрейі. Егер де суреттердің органикасына терендей үңілетін болсақ, жазушы табиғатты емес, жан дүние

пейзажын жасағандай әсер қалдырады. Демек, бұл жердегі сурет – адам психологиясындағы үрейлі күй. Мәселен, жетім бала Қасымның бұл күйге түсу барысын жазушы әңгіменің келесі компонентінде түсіндереді. Әбден зәрезап болған жетім баланың қашудан басқа амалы жоқ. Қашу керек. Елсіз жерге кетуі керек. Әйтпесе, көрер күні таяқ жеумен өтеді. Міне, осындай психологиялық күйге ұшыраған жетім Қасымның сана-сезіміне табиғаттың өзі сондай сұрлы. Қорқынышты. Демек, ішкі әлемнің көңіл күйі сыртқы әлем табиғатпен үйлесімділік тапқан. Ішкі психологизм. Шығарма шешіміндегі Қасымның өлі күйінде табылуында да жұмбақ бар. Қасымның өлі денесін көретін аттылы екеу оның өлігінен бұрын баланың жанының, рухының өлуін көрсе керек. Өйткені бала үрейінің параллель көрінісі – табиғат пейзажы. Табиғат көрінісінің керемет формасы осы әңгімеде суреттелген.

### **Қорытынды**

Жалпы М. Әуезовтің пейзажға көп мән беретіні оның бүкіл шығармашылығынан анық көрінеді. Дегенмен М. Әуезов шығармаларындағы пейзажды «оқырманға мақала тілімен жеткіземін деу бос әурешілік екенін былай қойғанда, бұған тіпті сыншылық көзбен түсіндірме берудің өзіне кісі жүрексінеді», – дейді Б. Сахариев [11, 29-б.].

Қорыта келгенде, табиғат суреттері М. Әуезовтің өз шығармаларында жасаған көркем күмбезінің айшықты, әдемі өрнектері болып саналады. Жазушы әңгімелеріндегі табиғат өрнектері – тек қоршаған аймақ, мекенжай айнасы емес, адамдар арасындағы қақтығысқа не қарама-қарсы қойылып, не бағыттау, мегзеу мәніне ие болып отырады. Табиғат құбылысын жазушы соны сапаға көтеріп, үлкен көркемдік элемент дәрежесіне жеткізеді. Жазушы суреттеген пейзаж қаһармандардың сезім, түйсік, көңіл күйін айқындап, өмір-болмысының қат-қабат қыртысын ашуға қызмет етеді. Сөйтіп, М. Әуезов табиғат көрінісін шығармада қосалқы әшекейлік көлемде қалдырмай, жанды, мәнді, әрлі құбылыс етіп қолдануы жазушының өз шығармашылығындағы ғана емес, жалпы қазақ әдебиетіндегі ұлы жаңалықтардың бірі болып қосылуында еді.

### **Пайдаланылған деректер тізімі**

1 **Серғалиев, М.** Қорғансыздың күні композициясы мен тілі [Мәтін] // Абай. – 1997. – №2 – 3. – Б. 39–41.

2 **Бігібаева, Қ.** М. Әуезов туындыларын мектепте оқыту [Мәтін]. – Алматы : Мектеп баспасы, 2002. – 288 б.

3 **Шипман, С & Шипман В. К.** Когнитивтік стильдер : кейбір концептуалды, әдістемелік және қолданбалы мәселелер [Мәтін]. – Вашингтон : Американдық білім беру зерттеу қауымдастығы, 1985. – 291 р.

4 **Бердібаев, Р.** Дәстүр тағлымы. Зерттеулер, мақалалар [Мәтін]. – Алматы : Жазушы, 1973. – 232 б.

5 **Нұрғалиев, Р.** Екі томдық шығармалар. Телағыс. Әдеби дәстүр мен әдеби даму [Мәтін]. – Алматы : Жазушы, 1991. – 2 т. – 576 б.

6 **Қаратаев, М.** Әуезов – әдебиетіміздің классигі / Кітапта : Әуезов М. Кінәмшіл бойжеткен : Әңгімелер және повесть [Мәтін]. – Алматы : Жалын, 1994. – 368 б.

7 **Қабдолов, З.** Сөз өнері [Мәтін]. – Алматы : Қазақ университеті, 1992. – 352 б.

8 **Әуезов, М.** Шығармалар. 12 томдық [Мәтін]. – Алматы : Жазушы, 1969. – 12 т. – 536 б.

9 **Нұрқатов, А.** Жалғасқан дәстүр. Зерттеулер, мақалалар [Мәтін]. – Алматы : Жазушы, 1980. – 312 б.

10 **Әуезов, М.** Әңгімелер 1 том [Мәтін]. – Алматы: Жазушы, 1979. – 1 т. – 456 б.

11 **Сахариев, Б.** Күрескер тұлғасы. Мақалалар, зерттеулер [Мәтін]. – Алматы : Жазушы, 1979. – 376 б.

## References

1 **Serǵaliev, M.** Қоғамсыздың күні композициясы мен тили [An orphan's lot – composition and language] [Text] // Abaj. – 1997. – №2 – 3. – P. 39–41.

2 **Bitibaeva, K. M.** Әуезов туындыларының мектепте оқыту [Teaching the works of M. Auezov at school] [Text]. – Алматы : Мектеп баспасы, 2002. – 288 p.

3 **Shipman, S & Shipman V. K.** Kognitivtik stil' der: kejbir konceptualdy, әdistemelik zhәне koldanbaly мәseleler [Cognitive styles : Some conceptual, methodological and applied issues] [Text]. – Washington : American Educational Research Association, 1985. – 291 p.

4 **Berdibaev, R.** Dәstyr taǵlymy. Zertteuler, maqalalar [Traditional education. Researches, articles] [Text]. – Алматы : Zhazushy, 1973. – 232 p.

5 **Nurǵaliev, R.** Eki tomdyk shyǵarmalar. Telaǵys. Әdebi dәstyr men әdebi damu [Works in two volumes. Telagys. Literary tradition and literary development] [Text]. – Алматы : Zhazushy, 1991. – 2 t. – 576 p.

6 **Qarataev, M.** Әуезов – әдебиетіміздің klassigi / Kitapta : Әуезов М. Кінәмшіл бойжеткен : Әңгімелер және повесть [Auezov is a classic of our literature / In the book: Auezov M. The guilty girl: Stories and Tales] [Text]. – Алматы : Zhaly'n, 1994. – 368 p.

7 **Qabdolov, Z.** Sөz өneri [The art of the word] [Text]. – Алматы : Kazak universiteti, 1992. – 352 p.

8 **Әуезов, М.** Шығармалар. 12 томдық [Works. 12 volumes] [Text]. – Алматы : Zhazushy, 1969. – 12 т. – 536 p.

9 **Нұрқатов, А.** Zhalғasқан дәстүр. Zertteuler, maқalalar [Continued tradition. Researches, articles] [Text]. – Алматы : Zhazushy, 1980. – 312 p.

10 **Әуезов, М.** Әңгімелер 1 том [Stories. 1 volume] [Text]. – Алматы : Zhazushy, 1979. – 1 т. – 456 p.

11 **Saxariev, B.** Күрескер тұлғасы. Мақалалар, zertteuler [Fighter of personality. Articles, researches] [Text]. – Алматы : Zhazushy, 1979. – 376 p.

01.02.23 ж. баспаға түсті.

07.11.23 ж. түзетулерімен түсті.

25.02.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

\*А. А. Азатбақыт<sup>1</sup>, А. М. Картаева<sup>1</sup>, А. Т. Тамаев<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Восточно-Казахстанский университет имени С. Аманжолова, Республика Казахстан, г. Усть-Каменогорск;

<sup>2</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Республика Казахстан, г. Алматы.

Поступило в редакцию 01.02.23.

Поступило с исправлениями 07.11.23.

Принято в печать 25.02.24.

## АНАЛИЗ И ПРЕПОДАВАНИЕ ХУДОЖЕСТВЕННОСТИ В РАССКАЗАХ МУХТАРА АУЕЗОВА

*В качестве основной цели и направления статьи рассматриваются пути обучения художественному мастерству в рассказах великого писателя, ученого Мухтара Ауэзова. Говорят, что писатель посвятил свою сознательную жизнь казахской литературе и культуре, истории и национальному искусству, и также своими первыми рассказами он поднялся до уровня европейской прозы. Выявлены искусные черты прозы М. Ауэзова, тщательно проанализированы жизнь персонажей, изображенных в произведениях писателя, их портреты, характеры и внутренняя психология, также умение описывать явления природы в соответствии с настроением человека. Ученые М. Картаев, З. Ахметов, Р. Бердыбаев, Р. Нурғали и др. говорили, что произведения Мухтара Ауэзова, известного как мастера пейзажа, относятся к мировой классике. Об этом свидетельствуют их мнения и*

*анализируются первые рассказы. Доказано, что пейзаж, описанный писателем, играет особую роль в узнавании характера и психологии героя в произведении. В рассказах: «Қыр суреттері», «Қорғансыздың күні», «Жетім» ярко выражено художественное мастерство писателя, в которых раскрываются чудесные явления природы. В ходе исследования автор уделяет особое внимание мастерству описания художественного пространства писателя, в том числе пейзажа. В ходе анализа автор подчеркивает идейно-эстетическую сторону произведения пейзажных образцов художника. Рассматривая мнения о творчестве писателя, автор демонстрирует художественное мастерство в рассказах писателя. Кроме того, в ходе исследования автор использует методы и приемы обработки информации, сопоставления, систематизации и обобщения художественных образов при исследовании художественного мира писателя. Рассказы М. Ауэзова известны мировой публике, а рассказы писателя по своим художественным особенностям считаются достоянием нашей литературы.*

*В заключительной части статьи авторы приходят к выводу, что использование писателем природных явлений в качестве второстепенных элементов в произведении является одним из больших нововведений не только в творчестве автора, но и в казахской литературе в целом.*

*Ключевые слова: писатель, рассказ, художественное мастерство, пейзаж, обучение, анализ текста, метод.*

\*А. А. Azatbakyrl, А. М. Kartayeva<sup>1</sup>, А. Т. Tamayev<sup>2</sup>

<sup>1</sup>East Kazakhstan University

named after S. Amanzholov,

Republic of Kazakhstan, Ust-Kamenogorsk;

<sup>2</sup>Kazakh National Pedagogical University named after Abai,

Republic of Kazakhstan, Almaty.

Received 01.02.23.

Received in revised form 07.11.24.

Accepted for publication 25.02.24.

## **ANALYSIS AND TEACHING OF ARTISTRY IN MUKHTAR AUEZOV'S STORIES**

*As the main purpose and direction of the article, the ways of teaching artistic skill in the stories of the great writer, scholar Mukhtar Auezov are*

*considered. It is said that the writer devoted his conscious life to Kazakh literature and culture, history and national art, and it is said that he rose to the level of European prose with his first stories. The skillful features of M. Auezov's prose are identified, the life of the characters depicted in the writer's works, their portraits and characters, their inner psychology, and the ability to describe natural phenomena in accordance with the mood of a person are carefully analyzed. Scientists M. Karataev, Z. Akhmetov, R. Berdybaev, R. Nurgali, etc., said that the works of Mukhtar Auezov, known as the master of landscape, are among the world classics. It is proved by their opinions and the first stories are analyzed. It is proven that the landscape described by the writer plays a special role in recognizing the character and psychology of the character in the work. The writer's artistic skills are highlighted in the stories: «Kyr suretteri», «Korgansyzdyn kuni», «Zhetim» which reveal the wonderful phenomenon of nature. In the course of the research, the author pays special attention to the skill of describing the writer's artistic space, including the landscape. During the analysis, the author emphasizes the ideological and aesthetic side of the work of the artist's landscape samples. Considering opinions about the writer's work, the author demonstrates artistic skill in the writer's stories. During the research, the author uses various methods to explore the artistic world of the writer. M. Auezov's stories are known to the world public, as well as the writer's stories are considered a treasure of our literature due to their artistic features.*

*In the final part of the article, the authors come to the conclusion that the writer's use of natural phenomena as secondary elements in the work is one of the great innovations not only in the author's work, but also in Kazakh literature in general.*

*Keywords: writer, story, artistic skill, landscape, teaching, text analysis, method.*



Теруге 26.02.2024 ж. жіберілді. Басуға 29.03.2024 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

3,58 МБ RAM

Шартты баспа табағы 28,72. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 4201

Сдано в набор 26.02.2024 г. Подписано в печать 29.03.2024 г.

Электронное издание

3,58 МБ RAM

Усл. печ. л. 28,72. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 4201

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz